



КОНКУРС «Астана и Президент»

Райымбекова Ақтілек,

№ 21 орта мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушысы

*Оу, Елбасы, Астананы сен салдың!
Сен айтқан соң халық салды, ел салды.
Сенің сөзің ұлттың сөзі болған соң,
Ұраныммен, рухыммен мен салдым!*
Ақын Күләш Ахметова

Дарқан далада, жазиралы алқапта батыстан шығысқа,
солтүстіктен оңтүстікке, Алтайдан Атырауға дейін кең байтақ, ұлан-
ғайыр далада байрағын биікке самғатып, атам қазақ қайбір қилы
заманды басынан өткермеді дейсіз.

*Бұл даланы анам жаспен суарған,
Бұл далада атам қолға ту алған,
Бұл далаға жылап келіп, уанғам,
Бұл далада өскен жанда жоқ арман!*-деп ақын **Қасым**

Аманжолов бекер жырламаған шығар

Мұндай ұлан-ғайыр қазақ жерінде дүниеге келіп, өжет, қайсар
мінезді қазақ халқының қызы екенімді мақтан тұтамын!

Айбынды елді, «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты»
ұрпақты шаттыққа бөлеп, күллі қазақты әуенді әнімен әлдилеп, бір
арнаға тоғыстырып, жарқын болашаққа жетелеген, мемлекетіміздің
мәйегі, дербестігіміздің дәйегі Елордамыз – асқақ рухты
Астанамыздың ару бейнесі кімді тамсандырмас!

Қазақстан! Астана! Елбасы – Нұрсұлтан Назарбаев! Осы сөздер
бір-бірінен ажырағысыз егіз ұғымға айналып кеткелі қашан! Бұлай
тек мен ғана емес, менің халқымның үлкені мен кішісі, жасы мен
кәрісі – бәрі де осылай дейді.

Бір сәт тарихқа көз жүгіртейік. Өткен ғасырда еліміз сұрапыл
дауылдың, ақ түтек боранның алуан мінездерін бастан өткерді.
Ашаршылық... Жазықсыз қудалау... Ұлы Отан соғысы... Желтоқсан...
Тағысын тағы қоғамның қиындығын көріп, ғасыр белестерімен
алысты. Осындай қиын-қыстау тұста ел астанасы Орынбордан
Қызылордаға, Қызылордадан Алматыға ауысты. Өз кезегімен 1997
жылы саяси, экономикалық, халықарлық жағдайларға байланысты
республиканың бас қаласы, қазақ жерінің кіндік ортасы Ақмолаға
көшірілді.

Аңсап жеткен тәуелсіздігімізді алғанымызға не бәрі алты-ақ жыл
еді. Алайда жас Қазақстан экономикалық тапшылыққа қарамастан,
күрделі шешім қабылдады. Сол кездері әлем назары Қазақстан да еді.
Өйткені жас сәби бала болса да, өз жасына сай емес жұмысқа
ұмтылса, оның қолынан келетініне ешкім сенбес еді. Міне, жас балаға

калай қараса, сол заматта жас Қазақстанға өзге елдер сондай көзқараспен қараған болу керек.

Мен бүгінгі тәуелсіз елдің ұрпағы ретінде, елімнің тарихының беттерін ақтара отырып: «Астананы өзгерту не үшін керек болды?»-деп сұрақ қоямын өзіме. Сосын: «Бұл мен үшін емес, бүкіл ел үшін керек, мұның мәнін қазіргі адамдар ұғар-ұқпас, біздің болашақ ұрпақтарымыз ұғатын болады »-деген Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев сөзін еске аламын. Бұдан Елбасымыздың бойынан қазақи батылдық, өжеттілік, қиындықпен бетпе-бет кездесетін қайсар мінезді анық байқаймын. Елбасымыз өзінің бітім-болмысымен, кісілік келбетімен халыққа, елге деген жанашырлығымен, ертеңгі күнге үміт пен сенімділігімен бәрімізге - әсіресе, өскелең жас ұрпақ, біздерге үлгі-өнеге болады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сарабдал саясаты мен кемеңгерлігі бізді жапанды шарлаған ауыртпалықтан сақтап отыр. Халыққа қамқорлығын төгіп, елді бірлікке шақырып, саналы ойын айтып, елді бірлікке шақырып, терең ой тастайтын Елбасымыздың шешендігі маған қатты әсер етеді. Оның сөздері менің болашаққа деген жолымды айқындайтындай. Елбасымыз туралы айтылған әрбір жақсы ой мені қуанышқа бөлейді. Ресей президенті В.Путин: «Атқарылған істің бәрі көзге көрінбейді, жеңіл жасалғандай болуы мүмкін. Алайда бәрін басынан бастап, Қазақстанды бүгінгідей даму деңгейіне жеткізудің орасан зор міндетін орындау оңай еместігі анық. Ал, Назарбаев болса, бұл міндетті тамаша атқаруда»-деген сөзін газеттен көзім шалып қалып, көкірегімді мақтаныш кернеп, шаттыққа бөлендім.

Елорда, Қазақстан көлемінде ғана емес, жер жаһан көлемінде біздің президентіміз атқарып жатқан істер: теңгеміздің айналымға шығуы, Еуропа қауіпсіздігіне төраға болу, ядролық қарудан бас тарту сияқты ауқымды істерге әлемнің ұлы ойшылдары, мемлекет қайраткерлері, іскер адамдары тәнті болды. АҚШ конгресмені Крис Кэннон: «Мен жас Қазақстанның дамуын үлкен ықылас қоя қадағалап жүрмін, 1991 жылы бұрынғы Кеңес одағынан тәуелсіздік алған сәтінен бастап, бұл ел таңғаларлық саяси және экономикалық жаңғыруларды басынан кешірді. Қазақстан қарыштап алға басып келеді, әрі дұрыс бағытта келе жатыр. Қазақстан қалыптасты, бұған оның басшысы Н.Назарбаевтың сіңірген еңбегі үлкен. Мен Қазақстан табыстарының сәулетшісі Президент Н.Назарбаевтың саяси көрегендігін жоғары бағалаймын, ол айтылып жатқан сынға қарамастан, елін қуатты экономикалық мемлекеттердің қатарына қосып, бұрынғыдан да ауқымды саяси реформаларға кірісті»-деген бағасы, Елбасымыздың көрегенділігі мен терең білімін айқындай түседі.

Ал, Астана!... Елбасымыздың ертеңге деген нық сенімін әлемге паш еткен, қазақ елінің мерейін көтерген – Астана! Сенде алғаш болған кездерім көз алдыма келеді. Сенімен бетпе-бет кездесіп, айқара ашқан құшағыңда саялағанда қандай тәтті сезімге бөлендім десеңші! Әсем бейнеңе, бірлік пен ынтымақ, жігер мен қайрат біте қайнасқан асқақ рухыңа тәнті болып, жан дүниемді қуаныш кернеді.

Бойымда жаңа Астананы салып жатқан халқымның күш-жігеріне деген сенім пайда болды. Мен сенен шалғайда жатқан Ақтөбенің қызымын. Жыл сайын көркіңе көрік қосып, абаттанып, көркейіп келе жатқан менің Ақтөбе асқақ қала Астананың сұлу сіңлісі сияқты. Қазіргі бар ой-арманым-болашақта Астанада білім алу. Мен сияқты жастарды жаңа заманға лайық білім алуға ұмтылдыратын, көптеген мақсат-мұратыма жезкізетін сен секілдісің, Астана! Өйткені сені көре салысымен: «Мынау қазақ елінің, менің халқымның Астанасы ма? Шынымен сол ма?» -деген сауал көкейімде тұрды. «Иә, Қазақстан Астанасы! Сенің шаһарың! Сенің мәңгі байтағың! Сенің қалаң!»-деген зор үн іштей маған тіл қатты. Менің қазақ жүрегімнің лүпілін теңіздей тасытты, мұхиттай тебіrentті. Талай ғасыр аңсаған, армандаған халқымның қаласы, тәуелсіздігіміздің тірегі, елдігіміздің айғағы – Астана! Сенің келбетің көңілімді ынтықтырып, жүрегімді лезде жаулап алды. Елімізді жарқын келешекке батыл бастаған Елбасымыздың сенімі мен үмітіне орай, мен де өз елін, халқын сүйетін, игі істердің басы, қасында жүретін, саналы жасы болатынымды білдіргім келеді.

Еңселенген Елордамыз бірлік пен ынтымақтың, тәуелсіздік пен еркіндіктің символы болып, әр перзентінің таңын арайға, күнін игілікке бөлейтін, күнде ойын, күнде думан болар қалаға айналып, көркейе берсін! Еңбегі ерен Елбасымыз аман болып, «Елім, халқым!» деп соққан жүрек лүпілі тоқтамасын!